

Өсімдік шаруашылығының шығымдылығы мен өнім сапасын арттыруды 2016 жылы субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 324 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 қарашада № 4724 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына, 11-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 11094) бұйрығын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 4-4-12/14144-1 хаты негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес 2016 жылға арналған басым ауылшаруашылық дақылдарының тізбесі;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялардың 2016 жылға арналған нормалары (1 гектарға) белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д.М. Мусинге

жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2016 жылғы "18" қазандағы
№ 324 қаулысына
1 қосымша

2016 жылға арналған басым ауылшаруашылық дақылдарының тізбесі

р/с №	Басым ауылшаруашылық дақылдарының атауы
1	Жаздық бидай
2	Күздік бидай
3	Күздік қара бидай
4	Қарақұмық
5	Тары
6	Арпа
7	Сұлы
8	Дәнді-бұршақты дақылдар
9	Майлы дақылдар (күнбағыс, сафлор, зығыр, жаздық рапс, күздік рапс, қыша, арыш, қытай бұршақ)
10	Картоп
11	Көкөніс және бақша дақылдары
12	Қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер
13	Ағымдағы жылы егілген көпжылдық шөптер
14	Бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер
15	Біржылдық мал азығы дақылдары
16	Судан шөбі
17	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2016 жылғы "18" қазандағы
№ 324 қаулысына
2 қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын

арзандатуға арналған субсидиялардың 2016 жылға арналған нормалары (1 гектарға)

р/с №	Басым ауылшаруашылық дақылдары	1 гектарға субсидиялар нормасы, теңге
1	Дәнді дақылдар (жаздық бидай, күздік қара бидай, күздік бидай)	600
2	Жемдік дақылдар (арпа, сұлы)	3000
3	Жарма дақылдары (қарақұмық, тары)	5000
4	Бұршақ дақылдары (асбұршақ, аңқа)	3000
5	Сүрлемдік жүгері, сүрлемдік күнбағыс	4000
6	Судан шөбі	3000
7	Біржылдық мал азығы дақылдары (жемшөпке арналған дәнді және майлы дақылдар)	2000
8	Ағымдағы жылы егілген көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	3000
9	Суармалы жерде ағымдағы жылы егілген көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	6000
10	Екінші және үшінші өсу жылдарындағы көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	1500
11	Суармалы жердегі екінші және үшінші өсу жылдарындағы көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	3000
12	Ағымдағы жылы егілген көпжылдық астық тұқымдас шөптер	3000
13	Суармалы жерде ағымдағы жылы егілген көпжылдық астық тұқымдас шөптер	4000
14	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген (оның ішінде өткен жылғы күзде) бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы көпжылдық шөптер (тек қана көнежастағы егістікті жырту ескеріледі)	3000
15	Суармалы шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көпжылдық шөптер (тек қана көпжылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі)	6000
16	Майлы дақылдар (күнбағыс, сафлор, зығыр)	3500
17	Рапс, арыш, қыша	7000
18	Қытай бұршақ	15000
19	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолданып өсірілетін қытай бұршақ	30000
20	Көкөністер	60000
21	Бақша дақылдары	15000
22	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолданып өсірілетін көкөніс және бақша дақылдары, картоп	150000
23	Өнеркәсіптік үлгідегі қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер (екі дақыл айналымына арналған)	4500000
24	Фермерлік үлгідегі қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер (екі дақыл айналымына арналған)	3000000
25	Картоп	60000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК